



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## ҚАРЖЫ ПИРАМИДАСЫ ШЫҒЫНҒА БАТЫРДЫ



Елімізде «Қаржы пирамидасын құру және жетекшілік ету», яғни Қылмыстық кодекстің 217-бабы бойынша қозғалатын қылмыстық іс саны біртіндеп азайып келе жатыр. 2020-2021 жылмен салыстырғанда полицияға қаржы алаяқтарының үстінен арыздану дерегі әжептәуір азайды дейді сарапшылар. Сөйтсе де, қаржы пирамидасы салдарынан келген шығын әлі де үлкен көлемде қалып отыр.

2019 жылы қаржы пирамидасын жасаушыларға қатысты қылмыстық іс саны салыстырмалы түрде аз болды, ал пандемияның бірінші жылында ол бірден жеті есе, яғни 24-тен 180-ге дейін өскен. Келген шығын мөлшері 2020 жылы 1,59 млрд теңгеден 6,17 млрд теңгеге дейін артқан. 2021 жыл Қазақстанда қаржы пирамидасын құрушылар үшін нағыз гүлденген кезең болғанға ұқсайды.

«Олардың жұмысының ауқымы артып, мегаполистен өңірлерге дейінгі аралықта тарала бастады. Жаңа қылмыстық іс саны аз болғанымен, келтірілген шығын бірнеше есе өсіп шыға келді – 33,34 млрд теңгеге дейін. Бұл Қылмыстық кодексте қаржылық пирамидалар туралы 217-бап бөлек көрініс тапқан 2015 жылдан бергі Бас прокуратураның статистика жүргізе бастаған кезеңнен кейін тіркеліп отырған рекордтық сома. 2022 жылдың қаңтар-қарашасында салымшылардың ақшасын тартқан қаржылық алаяқтық бойынша 127 жағдай тіркелді. 2021 жылдың ұқсас кезеңімен салыстырғанда көрсеткіш 24,8 пайызға азайды. Алданып қалған азаматтар саны 1,2 мыңнан 625-ке дейін төмендеді. Атап өту керек, статистикада тек полицияға арыз жазған зардап шегушілер ғана ескеріліп отыр», деп хабарлады Ranking сарапшылары.

Бас прокуратураның құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің дерегі бойынша 2022 жылдың қаңтар-қарашасы аралығында алаяқтар қалтасына 8,11 млрд теңге салып берген. Оларды қайтару мүлде мүмкін емес. Сома-ның небәрі 4 пайызға жуығы, шамамен 325 млн теңге ғана өтелген.

Алаяқтардың есепшотына түскен ақшаның кері қайтпайтынын алдыңғы жылдардағы дерек те дәлелдейді. 2018 жылы бүкіл шығын сомасының 1,07 пайызы, ал 2019-2021 жылдары бар болғаны 1 пайызы ғана қайтарылған.

2022 жылдың есепті кезеңінде сотта қаралған қылмыстық іс саны (92) бір жыл бұрынғымен салыстырғанда екі есе аз (229). Соның біразы жылдар бойы көлеңкелі шаруасын дөңгелетіп келгендердің ақырғы аялдмасына айналыпты.

«30 желтоқсанда Сарыарқа аудандық сотында (Астана қаласы) автобизнес саласында пирамида жүйесін құрған Алматы және Астана қалаларындағы авто-салондар желісінің бес қызметкеріне үкім шығарылды. Олар автомобильдерді нарықтық бағадан төмен саудалаған. Ондай көліктерді алу үшін алдын ала толық төлем жасап, бір жарым ай күту қажет. 2019 жылдың наурызынан 2021 жылдың қазанына дейінгі аралықта жалған салондар 300 зардап шегушіден 7,5 млрд теңге алған. Әр адамнан алынған жарна көлемі 1 млн мен 660 млн теңге аралығында. Шығын сол күйі өтелмеді. Жалған жүйені құрушылар бастапқы кезеңде өз уәделерін орындағандықтан, ұзақ уақыт бойы жұмыс істей алған. Автокөлікті сату туралы құжаттар заң тәрғысынан өте сауатты толтырылғандықтан адамдар оған еш күмән келтірмеген», деп мәлімдеді Ranking.

Қаржылық мониторинг агенттігінің хабарлауынша, азаматтар бір-ақ сәтте компанияларда қаржы пирамидасының белгілері бар жоғын тексере алады. Агенттік әзірлеген Telegram мессенджеріндегі бот азаматтарға қаржылық пирамидаға тартатын алаяқтардың әрекеттерінен қорғануға көмектеседі. «Пайдаланушы компанияның/ұйымның сайтына, Instagram парақшасына, V Kontakte тобына немесе Telegram арнасына [https://internet.zzz \(com, ru, kz және т.б.\)](https://internet.zzz (com, ru, kz және т.б.)) форматында сілтеме енгізуі керек. Сонымен қатар сізге табыс ұсынатын компанияның БСН-ы арқылы тексеруге болады. Іске қосудың бірінші кезеңінде Telegram мессенджерінде бір аккаунттан тәулігіне 5 реттен көп сұрау жіберу мүмкін емес. 2022 жылы агенттік қаржы пирамидаларын ұйымдастыру фактісі бойынша 85 қылмыстық істі аяқтады. Биыл 29 қаржы пирамидасы жойылды. 15 іс бойынша үкім шығарылып, 23 адам сотталды», делінген агенттік хабарламасында.

«Егемен Қазақстан» газетінен ықшамдалып алынды.



## Мемлекет басшысы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысын өткізді

Бүгін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің кезекті отырысы өтті, деп хабарлайды Egeмен.kz Ақорданың баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

Жиында Қарулы Күштерді одан әрі дамыту және әскери қызметшілерді әлеуметтік тұрғыда қамтамасыз ету мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов пен бірқатар өкілетті мемлекеттік орган жетекшілері баяндама жасады.

Қауіпсіздік Кеңесі отырысының қорытындысы бойынша әскердің материалдық-техникалық жағдайын жақсартуға, оны кадрлармен қамтамасыз етуге және әскери қызметтің беделін арттыруға бағытталған шешімдер қабылданды.

## Өңірлік баспасөздің басты бағыттары

Елорда төрінде өңірлік мерзімді басылымдар форумы жұмысын бастады. Тұңғыш рет ұйымдастырылған маңызды басқосуға Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі ұйытқы болды. Екі күнге жоспарланған іс-шара шеңберінде өңірдегі газет-журналдардың тағдыры талқыға түсіп, күн тәртібінде тұрған проблемаларды шешу жолдары қарастырылмақ.

Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің аймақтағы журналистер мен басылым редакторларын Астанаға арнайы шақыруының себебі де осы. Ұсыныстар назарға алынып, жүйелі жұмыс қолға алынады деп көзделіп отыр. Сондай-ақ форумда журналистік материалдарды жазудың жанрлық түрлері мен стилистикасы, дәстүрлі және жаңа



Жасыратыны жоқ, соңғы жылдары өңірдегі мерзімді басылымдардың жағдайы қиындап, көптеген мәселеге тап келіп отыр. Цифрлық технология дамыған сайын басылымдардың басынан бақ тайғаны рас. Бұрын жергілікті әкімдіктің қолдауын сезініп келген басылымдар жекенің қолына өтті. Сөйтіп, ғимаратынан айырылып, материалдық-техникалық базасы әлсіреп, кадрлар қысқарып, баспа шығындарына бас қатырып, таралымы төмендеп, «шықпа жаным шықпа деп» күнелтіп отыр. Міне, осы мәселелердің шешу жолын қарастыру – форумның басты мақса-

медиа, аймақтық БАҚ-ты дамыту, медиа кеңістіктегі мемлекеттік тіл мәселесі, конвергентті журналистика, басылымдардың сапасын арттыру және аудиториясын кеңейту, оларды оқырманға уақтылы жеткізу мәселелері талқыланып жатыр. Форум қатысушылары БАҚ саласындағы тың тәжірибелермен танысып, кәсіби идеяларды тыңдап, тәжірибе жинақтауға мүмкіндік алмақ.

Форумға қатысқан Премьер-министрдің орынбасары Алтай Көлгінов жаһандық ақпарат ағымында мерзімді басылымдардың алар орны ерекше екенін атап өтті.





## Тұрақты комиссияның өткен жылғы атқарған жұмыстары

Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының талабына орай, тұрақты комиссиялар өздерін сайлаған мәслихат алдында жылына кемінде бір рет есеп беруі тиіс.

Ендігі жерде Сіздердің назарларыңызды өзім тәрәйімі болып табылатын тұрақты комиссияның өткен мерзімде атқарған жұмыстарына аудармақпын.

Жалпы, бүгінгі күнге дейін комиссияның, барлығы 8 рет отырысы өткізіліп, оларда алдын-ала жоспарланған мәселелер қаралып, тиісті шешімін тауып отырды.

Атап айтқанда, аудан әкімдігінің құрылыс, сәулет және қала құрылысы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, аудандық орталық аурухананың атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, жергілікті полиция қызметінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, 2021 жылға арналған аудан бюджетінің орындалуы туралы есебі, аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, аудан әкімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі, Шолаққорған, Жуантөбе, Сызған, Созақ, Таукент, Қыземшек, Жартытөбе ауылдық округтері мен кенттері әкімдерінің есебі және тағы басқа да мәселелер қаралып, талқыланды. Олар бойынша қабылданған шешімдердің орындалуы бақылауға алынып отырылды.

Тұрақты комиссияның атының өзі айтып тұрғандай, оның тікелей міндеті— заңдылықтардың сақталуына көңіл аудару, азаматтарды әлеуметтік жағынан қорғау және аудан көлемінде аумақтық орналастыру мәселелерін зерттеп, ұсыныстар жасау болып табылады. Өз кезегінде бұл жөніндегі міндеттерді «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссия мүшелері ортақ іске деген

жауапкершілік деп түсіне отырып, талапқа сай атқарып келді. Осы орайда комиссия мүшелері І.Бейсен, Р.Әлжанов, О.Төлепбергенов, Б.Нұрланов, Е.Қабылбеков комиссия отырыстарына барлық уақытта үзбей қатысып, өздерінің ойларында жүрген ұсыныс— пікірлерін білдіріп отырды.

Тағы да бір айта кететін мәселе— тұрақты комиссияның өткізген отырыстары мен оларда қаралған мәселелер туралы аудандық «Сөз» газетінің беттерінде жарияланып, аудан жұртшылығына дер кезінде жеткізіліп келді. Ал мұның өзі тұрақты комиссияның өз жұмысында жариялылыққа назар аударып отырғандығының дәлелі болып табылады.

Комиссияның тағы бір ұдайы назар аударып отырған мәселесі— азаматтарды жұмысқа орналастыру және білім, денсаулық сақтау ісін, сонымен қатар, жолаушылар тасымалдау, ауыз сумен қамтамасыз етуді жақсарту жөнінде аудандық мәслихаттың сессиясына мәселе дайындау барысында комиссия мүшелерінің белсенділік танытқанын да айта кетуге тиіспін.

Бүгінгі сессияға аудан әкімдігі ұсынған «2023-2025 жылдарға арналған аудандық бюджет туралы» мәселені алдын-ала талқылап, қалыптастыру жұмысына тұрақты комиссияның мүшелері де белсене қатысып, бюджет жобасына байланысты ұсыныс— пікірлерін білдірді. Соның нәтижесінде жан-жақты ойластырылған бюджет жобасы қалыптасты деуге толық негіз бар.

Аудандық мәслихаттың «Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссиясы бұдан былайғы кезде де тиісті заңдылықтарды күнделікті практикалық қызметінде басшылыққа ала отырып, өзіне жүктелген міндеттің үдесінен шыға берің деген сенім бар.

**Нұржамал МАЙУСОВА,**  
**Аудандық мәслихаттың VII шақырылымындағы депутаты,**  
**«Заңдылық, әлеуметтік қорғау, аумақтық орналастыру жөніндегі» тұрақты комиссияның төрайымы.**

# АЛИМЕНТ ТӨЛЕУ-ПАРЫЗ

Қазіргі кезде елімізде белең алып отырған өзекті мәселелердің бірі — ата-ананың бала алдындағы парызы алимент төлеуден жалтару. Алимент — «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы кодексіне» сәйкес, бір адамның басқа оны алуға құқығы бар адамға ұсынуы міндетті ақшалай немесе материалдық асырау. Бүгінде алимент өндіріп алу мәселесі өте өзекті күйінде қалып отыр. Құзырлы органдар тарапынан небір амалдар жасалып жатса да, өзгенің тәрбиесінде қалған баласына қарайласпақ түгілі, халін сұрамайтын дәрдің саны азаяр емес. Соның салдарынан ауданымызда балалар заң бойынша төленуі тиіс алиментке қол жеткізе алмай келеді.

Бір қуантарлығы, өз баласына ақша төлемес үшін сан түрлі айла-шарғыға барып, жұмыс орындарын жасырып, жалақысын бухгалтерия арқылы бірнеше есе төмендетіп немесе дүние-мүлкін жақын-жуықтарының аттарына жаздырып қойып, тайраңдап жүрген мұндай әкелермен құзырлы органдар мықтап күресе бастады. Алимент төлемеген азаматтарға заң аясында қатаң шаралар қолданылып, керек болса, қылмыстық жауапкершілікке де тартылып жатыр. Тұрақты жұмысы барларына алимент төлеу мәжбүрленсе, «жұмыссызбын» деп сылтау айтқандарға еңбек етіп, қарызынан құтылу талап етіліп отыр.

Осыған орай жуырда Созақ аудандық прокуратурасында бүгінгі күннің өзекті мәселесі — алимент төлемей жүрген аза-



тары бойынша борышкерлермен алимент төлемдері төленбей, сот актісі орындалмай, кәмелетке толмаған балалардың құқықтарына нұқсан келтірілгені анық. Осыған қарамастан бүгінгі күнге дейін, алимент төлемдерін төлеуден, сот актісін орындаудан жалтарған борышкерлерді әкімшілік, қылмыстық жауапкершілікке тарту мәселесі қарастырылмаған, сот орындаушылармен бірде-бір ұсыныс келтірілмеген. Өз кезегінде, Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінің 669 бабында сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін және атқарушылық құжатты орындамау үшін әкімшілік жауаптылығын және Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексінің 139-бабына сай ата-ананың кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға сот шешімі бойынша қаражат төлеу жөніндегі міндеттерін үш айдан астам орындамауы үшін қылмыстық жауапкершіліктерін қарастыру қажеттігі айтылды. Сондықтан, борышкерлердің берешек қарыздарын толық есеп-

лары орын алуда, оның өзінде тіпті ай сайын толық төлемдер жасалмаған. Осыған сот орындаушылар тарапынан аса назар аударылуы қажет. Сондай-ақ борышкерлермен алимент берешектерін төлеудің басты себептері, жұмыссыздықтың әсері салдарынан орын алған деп тұжырым жасауға болады. Ал, жеке сот орындаушылар тарапынан алиментке берешегі бар борышкерлердің алимент берешектерін өндіруге қатысты мәжбүрлеу шараларын қарастыра отырып, жұмыссыз борышкерлерді аудандық жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркегіп, жұмыспен қамтып көмек көрсетуге іс-шаралар бағыттамаған.

Аудан көлемінде 2022 жылы бірнеше құрылыс жұмыстары атқарылған, яғни жергілікті атқарушы органдар инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру шеңберінде жаңа жұмыс орындарын құруды және инфрақұрылымдық жоба іске асырылатын ауданда (қалада) уақытша тіркеліп тұратындарды қоса алғанда, жұмыссыздарға жұмыспен қамту орталықтарының жолдамалары бойынша жаңадан құрылатын жұмыс орындарының кемінде 50% ұсыну қажет. Осы айтылғандардың негізінде, бірлескен іс-шара жоспарын әзірлеп, сот орындаушылар тарапынан аудандық жұмыспен қамту орталығымен бірлесіп отырып, жұмыссыз борышкерлерді аудандық жұмыспен қамту орталығына жұмыссыз ретінде тіркеуге жолдап, жұмыспен қамтамасыз ету қажет. Сот



маттармен жұмысты күшейту мақсатында мәжіліс өтті.

Мәжілісте мәселені талқылау барысында, алимент төлеудегі түйткілді мәселелердің көптігі, аудандағы сот орындаушылардың оның ішінде жеке сот орындаушылардың жұмысын жандандыру қажеттігі аңғарылды.

Аталған жиында алимент өндіруге қатысты көптеген мәселелер талқыланды. Атап көрсетер болсақ, аудандық жеке сот орындаушыларының орындауында алимент өндіру санаты бойынша 462 өндіріс бар. Оның ішінде 138 атқару өндірісінің орындалуы қиындық туғызып, орындалмайтын алименттер қатарына енген. Талдау көрсеткендей, балаларды тәрбиелеу мен оларды қамтамасыз ету әйел-аналардың мойнына түсетіндігін білеміз. Демек, атқару құжат-

теуді, жұмыспен қамтылғаны немесе қамтылмаған жағдайын, жеке атында тіркелген жылжитын немесе жылжымайтын мүліктерін анықтап, атқарушылық шаралары көріліп, сот актісінің орындалуына мәжбүрлі бағытталған пәрменді шаралар қолдану қажет. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылардың өндірісіндегі жұмыс істемейтін борышкерлердің алимент алымдарына қолма-қол төлем жүргізілген атқару құжаттары бойынша борышкерлерден пәрменді шаралар қолдану қажет. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылардың өндірісіндегі жұмыс істемейтін борышкерлердің алимент алымдарына қолма-қол төлем жүргізілген атқару құжаттары бойынша борышкерлерден пәрменді шаралар қолдану қажет. Сонымен қатар, жеке сот орындаушылардың өндірісіндегі жұмыс істемейтін борышкерлермен екі-үш балаға төленетін алимент төлемдеріне он бес, жиырма мың теңге көлемінде ғана төлем жүргізілу мән-жай-

орындаушылар тарапынан жұмыс орындарына жолданған борышкерлер жұмыс істеуден қасақана жалтарған жағдайда, олардың әкімшілік және қылмыстық жауапкершіліктерін қарастыру қажеттігі талқыланды.

Әр ата-ана баласы алдында жауапты болып келеді. Сондықтан да баланың көз жасына қалмау үшін алимент төлеуден қашпаған жөн. Жоғарыда айтып өткеніміздей, әрбір Қазақстан Республикасының азаматы немесе азаматшасына алимент төлеуге қатысты қатаң шара қолданатын болса, олар өздері үшін алимент төлеуден жалтармайды. Баланы қалай өмірге әкелуін білген ата-ана оны асырап, қол ұшын беруге міндетті екенін естен шығармаған жөн.

**«Сөз» үні—ақпарат.**



# Бөлім бастығы есеп берді

Жуырда аудан әкімшілігінің үлкен мәжіліс залында Түркістан облысы ПД Созақ аудандық полиция бөлімі бастығы, полиция подполковнигі Ж.Нысанбаев аудан тұрғындарына 2022 жылдың 12 айында аудан көлемінде атқарылған жұмыстарының қорытындысы бойынша есеп берді.

Жиналысқа аудан әкімі М.Сексенбайұлы, аудан әкімінің орынбасарлары, бөлім басшылары, ауыл, кент әкімдері, ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағалары, мектеп директорлары, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысты.

Есеп беру жиынын аудан әкімі М.Тұрысбеков ашып, жүргізіп отырды.

Аудандық полиция бөлімінің бастығы баяндамасында:

-2022 жылдың 12 ай көлемінде Созақ ауданының полиция бөлімі қызметкерлерімен қылмысқа қарсы күресті күшейтуге, қоғамдық тәртіпті және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге, болған қылмыстарды дер кезінде ашуға бағытталған бірқатар шаралар жүзеге асырылды.

Есептік мерзімде аудан көлемінде барлық бағыт бойынша тіркелген қылмыстар өткен жылғы осы мерзіммен салыстырғанда 30,8 пайызға немесе 81-ден 110 қылмысқа өскен, алайда орын алған қылмыстардың ашылымы 2021 жылмен салыстырғанда едәуір жоғары. Атап көрсетер болсақ:

-Аса ауыр қылмыстар 100,0 пайызға жоғарылаған (обл.93,0);

-Ауыр қылмыстардың ашылу пайызы 80,0-нен 80,5 пайызға жоғарылаған (обл.74,8);

Полициялардың профилактикалық жұмыстары нәтижесінде, биыл ауданымызда адам өлтіру, отбасы тұрмыстағы қылмыстар орын алмаған, яғни кісі өлтіру қылмысы 1-ден 0-ге кеміп отыр;

Бұзақылық қылмысы 6-дан 1-ге немесе 83,3 пайызға төмендеп, ашылымы 100,0 пайызға жоғарлаған (обл.91,7);

Бөтеннің мүлкін ұрлау қылмыстарының ашылымы 50,0-ден 75,0 пайызға жоғарылаған (обл.62,9);

Пәтер ұрлығы қылмыстары 2-ден 12-ге тіркелімі өскенімен, ашылымы 50,0-ден 72,7 пайызға жоғарылаған (обл. 64,9);

Мал ұрлығы-бүгінгі таңда елімізде, оның ішінде ауданымызда өзекті мәселелердің бірі болып отыр, яғни мал шаруашылығы аудан халқының күн көру көзінің басты бір бөлігі.

Сол себепті аудан әкімінің шешіміне сай аудан әкімдігімен құрылған іс-жоспарға сәйкес, бөлімнің қызметкерлерімен топ құрылып, мал ұрлығының алдын алу, болдырмау және орын алған мал ұрлығы қылмыстарын ашу мақсатында бірқатар нақты іс-шаралар атқарылды. Нәтижесінде мал ұрлығы қылмысының ашылымы 33,3-тен 90,0 пайызға жоғарылаған (обл.70,2). Бұл бағыттағы жұмыстарды ары қарай жандандыру мақсатында іс-шаралар жалғасуда.

Ал, орта санаттағы қылмыстар 35-тен 35-ке тұрақтаған, оның ашылымы 59,5-тен 88,6 пайызға жоғарылап отыр. (обл. 60,0%);

Алаяқтық қылмысы 29-дан 17-ге немесе 41,4 пайызға кеміген, орта және жеңіл санаттағы алаяқтық қылмыстарының ашылымы 62,5-тен 78,6 пайызға жоғарылаған (обл. 53,2).

Мемлекет басшысының жолдауында алаяқтыққа, соның ішінде қаржы пирамидалары мен интернет алаяқтығына қатысты құқық қорғау органдарына кешенді әрі нақты шаралар ұйымдастыруды тапсырған болатын. Өйткені бүгінгі таңда мұндай қылмыстың түрлері ұдай түсуде, ал қылмыстың бұл түрі біздің ауданымызда да жетерлік орын алуда. Де-



генмен Созақ АПБ қызметкерлерімен «Алаяқтық» қылмыстарының алдын алу болдырмау мақсатында прокуратура қызметкерлері, жергілікті атқарушы органдар, банк қызметі мен басқа да қаржы ұйымдарының қатысуымен дөңгелек үстелдер өткізіліп, халық арасында интернет алаяқтық құрбаны болмау үшін ескерту плакаттары мен билбордтар ілініп, түсіндірме насихаттау жұмыстары жүргізілуде.

2022 жылдың 12 айында Созақ АПБ-мен жалпы 157 қылмыстық іс тіркеліп, өткен жылмен салыстырғанда қылмыстық істердің сотқа жолдануы 23-ке немесе 39-дан 62-ге көбейген.

Криминалдық саласы бойынша бірқатар іс-шаралар өткізілді, олар «Допинг», «Қару», «Қаңғыбас», «Арқан», «Көкнәр», «Айдап әкету», «Мал ұрғысы», «Іздеу», «Контрафакт» және «Стоп трафик», «Бөтеннің малын ұрлау қылмыстарына қарсы күрес туралы» т.б іс-шаралар ұйымдастырылып, жұмыстар атқарылды.

азаматтар учаскелік полиция инспекторларымен бірлесіп қоғамдық тәртіпті сақтауда және қылмыстың алдын-алуда жұмыстар атқаратын болады.

Сонымен қатар кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстардың алдын алу мақсатында аудан көлеміндегі білім беру мекемелерімен бірлескен іс-жоспар түзіліп, мейрам күндері және күнделікті қызметкерлер бөлініп, бөлімнің ювеналды полиция тобының қызметкерлерімен аудан көлеміндегі ойын-сауық кешендері және саябақтарда профилактикалық жұмыстар атқарылды. Нәтижесінде 2022 жылдың 12 ай қорытындысымен жасөспірімдер тарапынан қылмыс орын алмаған.

Сондай-ақ аудан көлемінде жалпы анықталған құқық бұзушылықтар өткен жылмен салыстырғанда 2459-ке немесе 9611-ден 7152-ге кем анықталып (2021ж-9611) алайда салынған 65 млн 154 мың 421 теңгенің 51 млн 670 мың 843 теңгесі өндіріліп, өндірілуі 79,3 пайызды құрап отыр (обл.-74,9).

Есепті мерзім ішінде аудан көлемінде жол көлік оқиғасынан дене жарақатын алғандар 19-дан 18-ге төмендеген (2021-19), ал жол көлік оқиғасы 13-тен 18-ге өскенімен (2021-13), қаза болғандар саны 17-ден 10-ға төмендеп отыр. Созақ ауданы аумағында жол көлік оқиғасының алдын-алу, жол қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында құзырлы мекемелерге жыл басынан бері 139-рет ұйғарымдар жолданды.

Негізінен жол көлік оқиғаларының басым бөлігі жолдарға шығып кеткен қараусыз жүрген малдарды соғу, олардың жолға кедергі болу салдарынан орын алуда, яғни 24 жәйт ЖКО әкімшілік кодексінің 610-баптарымен (жүргізушілердің жол жүрісі қағидаларын, көлік құралдарының немесе өзге де мүлктің бүлінуіне алып келген бұзушылық) сотқа жол-

жағдайларға жол бермеудегі профилактикалық жұмыстар екенін атап көрсеткім келеді.

Осы жол көлік оқиғаларына қаза тауып немесе әртүрлі дене жарақатын алған, болмады дегенде өзіне не өзгеге үлкен материалдық шығын келтіріп жатқан азаматтар бірімізге аға-әпке немесе іні-қарындастарымыз. Сол үшін аудан тұрғындарын осындай жағдайларға жол бермеуге шақырамын,- деді.

-Сондай-ақ, аудан көлемінде орын алып жатқан жол көлік оқиғаларына назар аударып, олардың орын алу салдарын талдап, халықтың жол қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, яғни ЖКО алдын алу мақсатында жаса-тып отырған жол белгілері, жол кедергілері, сондай-ақ, жаңаланған бағдаршамдар, ең айта кетерлігі ауданымыздағы елді мекендер арасындағы жолдардың бойында малдардың макеттері қойылған. Ондай жұмыстар бүгінгі таңға дейін облыстың бірде бір ауданында жасалмағанын атап көрсеткім келеді. Мұның барлығы аудан халқының және келуші қонақтардың жол қауіпсіздігін сақтауды ескертіп, оның алдын алуға үлкен септігін тигізері анық.

Алдағы уақытта да жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп, халық үшін мұндай іс-шараларды жалғастырамыз деген сенімдемін!

Осыған орай құрметті аудан тұрғындары сіздерден азаматтардың жол қауіпсіздігі оқиғаларының алдын алу үшін сондай-ақ қараусыз жүрген малдардың барымташылардың қолдарына оңай кетуіне жол бермеу үшін малдарыңызға еге болуларыңызды сұраймын,- деп баяндамасын әрмен қарай жалғастырып, алдағы уақытта атқарылатын басым міндеттерге тоқталды:

-Ауыл әкімдері қараусыз жүрген малдарға бақташы, падашы ұйымдастыру, сырғалау жұмыстарын жүргізуді, яғни үш жақты келісім шарт бойынша жұмысты жандандыруды;

-ЖКО және мал ұрлығы қылмыстарының алдын алуда қараусыз жүрген малдарды қамауға нақты оқшаулау орындарын қарастыруды;

-ІІМ-нің «Мүлкті қорғау жөніндегі 2021-2023 жылдарға арналған ведомстволық бағдарламаны» іске асыру мақсатында Көршінің бақылауында, яғни пәтер ұрлығының алдын-алу мақсатында көршілер бірнеше күн ауданнан тыс басқа қалаларға немесе вахталық жұмыстарға кеткен жағдайда бір-біріне ескертіп, үйлерін тапсыруды;

-Кәмелетке толмағандар арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстардың алдын-алу мақсатында аудан көлеміндегі білім беру мекемелерімен бірлескен іс-жоспар түзіліп, мейрам күндері және күнделікті қызметкерлер бөлініп, бөлімнің ювеналды тобының қызметкерлерімен аудан көлеміндегі ойын-сауықтыру кешендері және саябақтарда профилактикалық жұмыстарды жандандыруды;

-Бүгінгі жиналыс шешімімен 40 қоғамдық көмекшілерді (сақшы) жұмыспен қамтамасыз етіп, жалақысын жыл он екі айға жергілікті бюджеттен қарастырып, түбегейлі шешуді ұйымдастырамыз,-деді Ж.Нысанбаев.

Жиналыс барысында Шолаққорған ауылының тұрғыны, еңбек ардагері П.Сақтапбергенұлы, Созақ ауылының тұрғыны, еңбек ардагері М.Жақысыбаев, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетов, еңбек ардагері А.Шәдібеков, Шолаққорған ауылының тұрғыны Б.Саржанов бөлім басшысына сұрақтар қойып, тұщымды жауаптар алды.

Аудан тұрғындары полициялардың жұмысына оң баға беріп, қиын да қауырт қызметтеріне сәттілік тіледі.

**«Созақ үні»-ақпарат.**



Криминалдық полиция бөлімшесінің қызметкерлерінің жеке ізденуімен 35 қылмыс ашылып, жалпы 6 қылмыстық топ құрықталып, олармен 14 қылмыс ашылған. Сондай-ақ іздеудегі 5 қылмыскердің 4-і құрықталып, 1-і қалып отыр, ол бағытта ұстау бойынша жұмыстар жалғасуда.

Жалпы қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бағытында 19 учаскелік полиция инспекторы аудан көлемінде орналасқан 12 ауыл округтерінде қызмет атқарады. Жалпы 23 УПИ лауазымы бар, алайда бүгінгі таңда 4 орын вакант.

Созақ аудандық әлеуметтік бағдарламалар және жұмыспен қамту орталығынан, есепте тұрған жұмыссыздар есебінен осы жылы 40 сақшылар бөлу туралы аудан әкіміне ұсыныс жасалды, яғни ол

данған.

Полиция тарапынан осы жағдайлардың алдын алу мақсатында қараусыз жүрген мал иелеріне ҚР ӘҚБТК-нің 408-бабы, яғни ауыл шаруашылық жануарларын жою қағидаларын бұзу бойынша құқық бұзушылықтар анықталған кей жағдайларда аудан тұрғындары біздің бұл әрекетімізге наразы болып жатады. Оған мысал аудан әкімімен кестеге сай әр ауылдық округтерде халықпен кездесу барысында кейбір елді мекендерде осы жағдайлар көтеріліп, мәселені назарға алып, аталған құқықбұзушылық бойынша 2021 жылмен салыстырғанда 137-ге немесе 259-дан 122-ге кем анықталды. Бұл жерде айта кетерім полиция тарапынан басты мәселе осындай құқық бұзушылықтарды анықтау емес, ол жоғарыда көрсетілген



Қазақстанның денсаулық сақтау саласында стоматология алғашқылардың бірі болып бәсекелестікке ортаға берілді. Тісіңше қазіргі уақытта еліміздегі тіс емдейтін мекемелердің көпшілігі жеке меншікте. Және олардың саны жыл өткен сайын артып келеді. Алоның сапасы қандай? Жалпы, ауданда стоматология саласы қаншалықты дамып жатыр? Жетістіктері мен проблемалары қандай? Осы тақырып жөнінде «Аян» жекеменшік тіс орталығының дәрігер-стоматологы Ұлан Дайырбекұлын әңгімеге тартқан едік.



## Тісің бүтін болса,

## ішің түтін болмайды

**-Ұлан Дайырбекұлы, алдымен өзіңіз басқарып отырған тіс емдеу орталығы жөнінде айтып өтсеңіз. Қашан ашылды? Мақсат-міндеттері қандай?**

- «Аян» тіс емханасы 2018 жылы маусым айында ашылды. Алдымызға халық үшін стоматологиялық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, пациент пен стоматолог-дәрігерлерді құқықтық жағынан қорғау, біліктілікті арттыру, салаға инновациялар ендіру үшін халықаралық іс-шараларға қатысу сияқты мақсаттар қойдық. Біздің мамандардың негізгі міндеттері, күнделікті айналысып отырған істері-адамдарға әдемі және жарқын күлкі, өзіне деген сенімділік және ең бастысы-денсаулық сыйлайды. Мамандар жұмыстарын ұзаққа созылатын кепілдіктен, ұзақ мерзімге пайдаланумен және керемет эстетикалық сапалы етіп жасайды. Емхананың негізгі мақсаты мен мәні – емделушілерге жоғары сапалы стоматологиялық көмекті ұйымдастыру және мемлекеттік және жеке медициналық қызметтер нарығында бәсекеге қабілеттілікті қамтамасыз ету.

**-Елімізде денсаулық сақтау саласы бойынша стоматология алғашқылардың бірі болып бәсекелестікке ортаға берілді. Бұл шешім саланың дамуына қаншалықты ықпал етті?**

- Өткен ғасырдың 90-жылдары елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай өзгеріп, дәрігерлер «өзін-өзі ақтау», «ақылы қызмет» деген сияқты сөздерді алғаш рет естіді. Қалалық және облыстық клиникалар жекешелендіріліп, шаруашылық есеп жүргізу бөлімдері ашылды. Әрине, кез келген үлкен өзгерістің екі жағы болатыны белгілі ғой. Бір жағынан стоматолог-дәрігерлер мемлекеттік жа-лақидан айырылып, «енді қалай өмір сүреміз?» деген сұраққа тап болды. Сосын жан-жақтарына қарап, шетелдерге барып, жаңа жағдайда қалай жұмыс

істеу керектігін үйрене бастады. Озық аппараттарды, зертханаларды, жаңа материалдарды көріп, танысты. Содан «мұндай клиникаларды өзімізде ашу үшін ақшаны қайдан аламыз?» деген сауал туындады. Ол кезде менеджмент, маркетинг дегенді әркім біле бермейтін. Кредит алудан да қорқатын. Біраз маман мамандығы бойынша жұмысын тастап, базарларға шығып кетті. Дегенмен, тәуекелге бел буып, іске кіріскендер де болды. Басында оңай болмағанымен, біртіндеп бейімделіп, жаңа жағдайда жұмыс істеуге үйреніп кетті.

**-Қазақстанда стоматология денсаулық сақтау саласындағы ең пайдасы мол бағыттың бірі дегенді оқыдым. Расында солай ма?**

- Біздің сала дәрігерлерінің басым бөлігі қарапайым ғана өмір сүріп жатыр. Жеке клиникасын ашуға әрқайсында бірдей мүмкіндік жоқ. Ал ауылдық жерлерде және мемлекеттік емханаларды жұмыс істейтін әріптестеріміздің жалақысы мардымсыз. Әрі балалар стоматологтары мен стоматолог-хирургтарға зияндылық үшін берілетін қосымша ақы да алынып тасталды. Жалпы болашақта ауылдарда жекеменшік клиникалар ашуға ынталандырудың тетіктерін қарастырған жөн. Ол үшін әкімдіктер баспана, жәрдемақы беру сияқты жағдайлар жасауы тиіс. Жыл сайын бірлі-жарым жекеменшік тіс емханасы ашылады. Бірақ, біразы көп ұзамай жабылып қалады. Неге десеңіз, оларды стоматологтар емес, бизнесмендер ашады. Салған қаражатын 5-7 жылдан кейін ғана қайтара алатынын және бұл іске үнемі қаржы құйып тұру керектігін түсінген соң бұл кәсіптен бас тартып жатады. Неге екенін кім білсін, біраз адам «ақша болса, стоматологиялық клиника ашу керек, табыс-

тың астында қаласың» деп ойлайды. Қазір стоматологиялық қызметті дамытудың жол картасы әзірленіп жатыр екен.

**-Жалпы Қазақстанда бұл салада мамандар жеткілікті ме?**

- Өкінішке қарай, елімізде стоматологтар негізінен Алматы мен Астана сияқты ірі қалаларда шоғырланған, 10 мың адамға 4,5 маманнан келеді. Ал ауылдық жерлерде тапшылық бар, осыншама тұрғынға онда небәрі 2,2 дәрігерден келеді. Әсіресе, балалар стоматологы, бет-жақ хирургтары-

ның тапшылығы - өзекті мәселе. Мәселе оң шешімін табады деп сенемін.

**-Саланың дамуына кедергі келтіріп отырған жайттар бар ма?**

- Ең басты кедергі қоғамның бізге деген қатынасы дер едім. Неге екенін қайдам, көпшілік «тістен ешкім елген жоқ» деп ойлайды. Екінші бір қате пікір - «стоматологтарға рахат, жеке клиникаларын ашып қойып, тісті жұлып тастайды да, шалқып өмір сүреді» деген түсінік. Біздің әріптестеріміз күн сайын ауруы жанына батып, шырылдап келген балаларды, босанар алдында тісі ауырған жүкті әйелдерді, неше түрлі науқастарды көреді. Барынша көмектеседі. Алдына келген науқастардан қаншама қатерлі ауру белгілерін байқап, ерте анықтауға көмектеседі. Заңдық тұрғыдан да мәселелер

тарды айтуға болады. Бір сөзбен айтқанда, жұмыс көп. Көмек сұрап келген науқасқа сапалы да қауіпсіз қызмет көрсетуді мақсат ететін бұл бағыттағы жұмыстарды әрі қарай да жалғастыра береміз.

**-Қандай қызмет түрлері көрсетіледі?**

-Терапиялық емдеу түрлері-тіс емдеу /пломбалау/, қызыл-иек ауруларын емдеу. Ортопедиялық ем түрлері тіс протездерін, сауыттарын салу. Хирургиялық емдеулер тіс жұлу, рентген диагностикасы және т.б. емдер жүргізіледі

**-Қанша адам жұмыс істейді?**

-Әзірше 2 дәрігер 1 медбике және тазалықшы жұмыс істейді. Орталықты бұдан ары қарай кеңейтіп жатсақ жас стоматологтарды жұмысқа шақырамыз.

**-Қандай оқу орнын**

**бітірдің?**

-2004-2010 жылдары Алматы қаласында орналасқан С.Ж.Асфендияров атындағы ҚазҰМУ-ды стоматология факультетін.

**-Әке тәлімі деген ұғымға не айтасың?**

-Әкемнің рөлі ерекше! «Әке көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дегендей әкем Дайырбектің өзі осы стоматология саласында 30 жылдай қызмет атқарған. Әкемнің қасында көп жүріп осы стоматология мамандығына қызығып оқуға түскенмін. Студент кездерімдегі демалыс уақытында әкемнің қасында жүріп үйренгендерім көп

**-Отбасы жағдайың?**

-Анам Қарабаева Нұрлыгүл Ә. Молдағұлова атындағы мектепте медбике, әйелім Қожахметова Әйгерім аудандық орталық емханада дәрігер-статист мамандығы бойынша жұмыс атқарады, 3 ұлым бар оларды да осы салаға дайындасам деп отырмын.

**-Тіс саласында қай жылдан бері жұмыс істейсің?**

-2010 жылдың тамыз айынан бастап 2018 жылдың мамыр айына дейін аудандық орталық емханасында дәрігер стоматолог болып жұмыс істедім. Ол жерде жинаған тәжірибе арқасында 2018 жылы жекеменшік тіс емханасын ашып, жекеге шықтым.

**-Несие алғансың ба?**

-Жеке тіс емханасын ашарда алғаным бар.

**-Мемлекеттік қолдау бар ма?**

-Қолдау алмадым қолдау көрсетсе, тіпті жақсы болар еді. Тіс емханасын кеңейтер едім.

Сұхбатыңызға рахмет! Алдағы аудан халқы үшін жасап жатқан еңбегің баянды болсын! Жұмыстарыңызға тек табыс пен игі бастамалар тілеймін!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**





# Жаңа Қазақстан қоғамын құрар жас, жаңа есімдер

Иә, аталарымыздан қалған «Өткенге салауат» деген қанатты сөзді кешегі Қаңтар оқиғасынан соң жиі қолданып жүрміз. Бәлкім, бірнеше жылдан соң бұл өз өзектілігін жояр. Әрине, қазіргі қоғамда орын алған жағдайға байланысты айтып отырымын. Өйтпесе, қай кезде айтылғаны беймәлім бабалар сөзі халқымыз жасағанынша жасай берері хақ. Мен осы бір орынды айтылған аталар сөзіне: «Өткенге салауат, келешек жастарға аманат» дегенді қосқым келіп отыр. Өйткені, өткенге өкініп отыра беру біздің көшімізді ілгерілетпесі анық. Сол үшін де өткеннің жазасын заң, бағасын тарих береді деп, ертеңгі күнге үмітпен қараған жөн. Бұл ретте сол ертеңгі күннің иелері жастарымыздың мойнына артылар жүк ауыр. Әрине, алдыңғы буын аталарымыз бен ағаларымыз болашақты бізге аманаттады деп, жас біткенінің бәрі білек сыбанып, Жаңа да Әділетті Қазақстан қоғамын құрамыз деп бел шешіп кірісіп кетпес. Дегенмен, сол көп жастың арасынан, күшіне көңілі сеніп, көптің жүгін көтерер бек жастың шығатынына Мағжан сенген, мен де сенемін! Сонымен, сол Мағжан және мен сенген сөзастік жастардың бірі Төлеев Шадияр Қалиұлы есімді жас азамат. Бәлкім аудан жұртшылығы арасында «Монти және Шонти» есімдері танылмай ағайынды Төлеевтер жайлы біреу білер, біреу білмес. Ендеше, білмейтіндер үшін насихат, білетіндер үшін үлгі болсын, шолақорғандық шебер жігіт Шадиярдың өмірі мен еңбек жолына бір шолу жасап өтейін.

Жалпы, Шадияр Қалиұлы 1992 жылы Созақ ауданының орталығы Шолақорған шәріңде Төлеевтер отбасында дүниеге келген. Әкесі Төлеев Қали ақсақал ұзақ уақыттар бойы аудандық Мұнай айдау станциясында қызмет істеп, бүгінде бейнетінің зейнетін көріп отырған жан. Ал, анасы Атаханова Нағима Атаханқызы жолдасы Қали Әлиұлы екеуі дүниеге әкелген 6 ұл, 2 қыздың күтімі және тәрбиесімен айналысып өмір бойы үйде отырған. Бір сөзбен айтқанда барша бұрынғы қазақ әйелдері секілді өзін отбасында әйел, ана болу бақытына арнаған. Кейде, балаларының ұйымшылдығына, үлкенге ізет, кішіге қамқор жасауларына қарап, бұл ретте Қали аға мен Нағима апай өздерінің атааналық міндеттерін мінсіз атқарған екен дегеннен басқа шара жоқ. Еліміздегі әр отбасы осындай болса екен деп қызығуға да қызғануға да тұрарлық жандар. Ал енді, Шадиярдың өзі үйленген, отбасылы. Келіншегі Қаратаева Жанар екеуі Диар және Әлихан-Бөкейхан есімді екі ұлды дүниеге әкеп, тәрбиелеп отыр. Барлық балалар секілді жеті жасқа толған Шадияр да 99 жылы Ахмет Байтұрсынов атындағы білім ошағының табалдырығын тарыдай болып аттап, 2006 жылға дейін сонда 9 жылдық білім алып таудай болып шығады. Алайда, Шонтидың толық таудай болуы үшін 2006 жылдан 2008 жылға дейін Тәкен Әлімқұлов атындағы мектеп, лицей-инетнатында да екі жыл білім алуына тура келеді. Сондай-ақ, сол 2008 жылдың қыркүйегінде Шымкент қаласындағы «Политехникалық колледж» дің студенті атанады. Ал, 2012 жылы энергетик мамандығын алып шыққан кейіпкерім «Таукент Энергосервис» ЖШС-не электромонтер болып жұмысқа орналасады. Бар болғаны алты ай уақыттың ішінде білімі мен білігінен белгі берген бала монтердың болашағын үміт күттіретінін байқаған

білікті басшысы оны «Релийный защита и автоматика» бөліміне ауыстырады. Негізінен, Шадияр Қалиұлының бұл қызметке ауысуына оның білім-білігі ғана емес, осы саланың тек маманы болғаны да себеп болған. Өйткені, Шонти Шымкенттің колледжине оқуға түскен жылы «Кегок» компаниясы тапсырыс беріп, Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша бас-аяғы 75 баланың басын біріктіріп, бір топ құрған екен. Себебі, Оңтүстік Қазақстан өңірі бойынша нақ осы мамандық иелері тапшы болған екен. Топтың негізгі бағыты да осы «Релийный защита и автоматика» болған көрінеді. Кейіпкерімнің айтуынша бұл топта ауданымыздан тағы екі азамат оқыған. Бірақ, күні бүгінге дейін осы бағытта жұмыс жасап жүрген жалғыз маман Шадияр екен. Айтқандай бұл 75 жас энергетикті «Кегок» компаниясы оқу бітірген соң өздеріне жұмысқа шақырған да екен. Бірақ, Қалиұлы Шадияр туған топырағында тер төуге бекініпті. Содан, алдын «релийный защита и автоматика» маманы, кейіннен, 2014 жылға дейін аумақ басшысы (начальник участка) боп қызмет атқарған. Ал енді, 2014 жылдан бастап ТОО «СП Бетпақдала» ның (рудник Ақдала) басшыларынан Ермеков Қанат өздеріне жұмысқа шақырды. Өйткені, іссапармен сонда барғанында көзіне түсіп, көңіліне жаққанға ұқсайды. Не керек, осында жүріп Шадияр 6 дәрежелі инженер-техник лауазымына дейін көтеріледі. Айта кету керек, осы 2014 жылы кейіпкерім Шымкент қаласындағы М. Әуезов атындағы университетке сырттай оқуға түсіп, өз мамандығы бойынша білімін жетілдіріп, 2017 жылы диплом алып шығады. Тағы да осы Ақдалада кенорнында жұмыс істеп жүріп, 2016 жылы ТОО «ТорланСтрой» ды ашып, жеке кәсіпкерлік бағытта да жұмыс істей бастайды. Атап айтар болсақ, Шолақорғанның Шымкентке шыға берісінен «Индустриалды аймақ» жасқалған. Сол аймаққа орналасқан бірнеше шағын өндіріс орындары бар. Солардан «ЮКОСТАР» компаниясының автоматтандыруын, монтаждау жұмыстарын нақ осы «Тор-



ланСтрой» ТОО қытайлықтармен бірлесіп отырып толықтай жүргізген көрінеді. Мұнан бөлек, Созақ ауданының ауыл-ауылдарындағы көшелердің жарықтандыру жұмыстарын толықтай дерлік осы Шадияр Қалиұлы атқарушы директоры болып табылатын ТОО жүргізіп келеді. Жүргізгенде де әншейін жүргізіп қойып отырған жоқ, электр қуатын үнемдеуді қолға алып, ауданымыздың бюджетіне кәдімгідей пайда әкелуде. Тіпті, ауданымыздың орталығы Шолақорған ауылының орталық көшелері мен орталық мешіттің және «ТорланСтрой» ТОО орна-



ласқан Қазыбек би көшесінің электр энергиясына кететін жалпы шығындарын өз есебінен жауып беріп отыр. Былай сырт көзге немесе естір құлаққа оңай көрінгенімен мұның өзі қыруар қаржыны талап ететін қайырымдылық шаралары. Сонымен қатар, осындай жасыл энергияны үнемдеу жобасын Шадияр Қалиұлы 2016 жылдан бастап аудан басшылығына ұсынып келген және тек 2018 жылы ғана қолдау тауып, жүзеге асыруға мүмкіндік алған. Нәтижесінде, ауданымыздың аймағында бұған дейін жұмыс жасап келген электр энергиясын көп шығындайтын жарық шамдардың барлығын үнемдегіш, диодталған әрі химиялық зияны аз арнайы жарық шамдарға ауыстырады. Бұл жүйенің тағы бір артықшылығы толықтай автоматтандырылған және күннің батып, қараңғы түсуімен өздері жанып, таң атып, күн жарығанда өздері өшеді. Сосын, әдеттегі жарықтандыру жұмыстарына қарағанда бұл жоба жергілікті бюджет үшін өте ар-

көрсетуден бөлек, металл құрастыру және дәнекерлеу жұмыстарымен де айналысады. Негізінен, «ТорланСтрой» ТОО-ның, нақтырақ айтсам Шадияр Қалиұлының бұл жасыл энергияны үнемдеу жобасынан бөлек, ауданымыздың орталық көшелерін және өңірімізде Уран өндірісімен айналысатын кәсіпорындардың маңын жасыл аймаққа айналдыру. Шолақорғанның Түркістанға шыға беріс жолының сол жағын алып жатқан «Жұмысшы» жерінен жүз асыл тұқымды сиыр ұстауға арналған қора салу жобасы да дайын екен. Бұған дейін ол үйінің маңынан қора салып сонда біраз сиыр ұстап, автоматтандырылған жүйемен сауып, айран, сүзбе, қаймақ, сары май және құрт-ірімшік сынды сүт өнімдерін өндіріп, сатумен айналысып көрген. Тіпті, әжептәуір пайда көріп, тұтынушылар топтап та үлгерген. Тек, көп мал ұстағандықтан иісі шығып, көршілерінің өтінішімен кәсіптерін уақытша тоқтатуға тура келген. Алайда, дйттеген мақсатына жетпей қоймайтын Шадияр жоғарыда айтқан «Жұмысшы» жерінен сиыр фермасына жер алу жұмыстары алғашқыда қайсыбір шенеуніктер тарапынан әдейі сәтсіздікке ұшыратылса да кері қайтуды білмеді. Сотта жеңіп шығып, жоспарлы жерін алу жұмыстарын жалғастыруда. Егер жерді алып, сиыр фермасын салған жағдайда толықтай автоматтандырып, басына жатақхана салып, жұмысшыларын 8 сағаттық жұмыс режиміне өткізбек. Яғни, күндізгі және түнгі ауысымда жұмыс жүргізбек. Жалпы, отызды орталап қалған білімді де білікті әрі креативті ойларға толы жас кейіпкерімнің бұл нағыз орда бұзар шығар шағы. Оның бір ғана арманы бар, жергілікті билік ұсынған жобаларына қолдау білдірсе немесе мүлде кедергі жасамаса дейді. Өйткені, өз-өзіне мақсат етіп қойған жоспарлы жобаларын жүзеге асырып кәсіпкерлігін дамыту және туған топырағына терін төгіп, ауданымыздың даму процесінде өзінің азаматтық, перзенттік үлесінің болғанын қалайды. Мен танығалы бері «ТорланСтрой» ТОО-ның құрылтайшысы Шадияр және атқарушы директоры Шадияр Төлеевтермен етене араласып келемін. Қоғамға қызмет етеміз деген жалынды жастардың игі ниеті оларды Шолақорған ауылдық парасат клубының мүшесі болуға алып келді. Содан білетінім, бұл жігіттердің еліміз бен жеріміз үшін бергендерінен берерлері көп. Менің жоғарыда сөз еткендерімнен бөлек, ағайынды Төлеевтердің Созақ қоғамы үшін жасап жүрген сауапты, қайырымдылық істері көп. Ол жайында өздері жариялай бергенді жөн көрмеген соң, мен де өз тарапымнан тыққайт бермедім. Бар айтарым, осындай талантты, білімді де білікті, іскер, болашағы зор жобаларды ұсынып, жүзеге асыра алатын жастарымызды бұқара мен билік боп байқай, бағалай алсақ. Дер кезінде ауданымыз, еліміз үшін маңызды, аса қажетті жобаларына моральдық және материалдық тұрғыдан қолдау танытсақ. Президент айтып, қоғам күтіп жүрген Жаңа әрі Әділетті Қазақстанды міне осындай жалындаған, жас жігіттер құрары анық. Ендеше, көп болып солардың тілеуін тілеп, жолдарын ашып, қолдау көрсету-бізге аманат. Ал, сол елінің тілеуін, қолдауын босқа шығармай, жаңа қоғамды қалыптастыру-нақ осы Шадияр сияқты жастарға аманат!



# Ислам дінінде ғылымның орны

Ислам діні бейбітшілік пен береке-бірлік діні. Қаншама ғасырдан бері қазақ халқының өмірі мен салт-дәстүрімен үйлесімін тауып келеді. Дін жай ғана сенім немесе құлшылықтардан тұрмайтынын айта кеткен жөн. Алайда қазір қоғам арасында өкінішке орай дінді біліммен емес, сезіммен түсініп жүргендер бар. Олар тіпті Исламның қарапайым қағидаларын да білмейді. Бүгінгі таңда діни тұрғыда қоғам ойы екіге бөлініп, көптеген қарама-қайшылықтар туындауда. Яғни бұл жердегі бар мәселе діни білімсіздікте жатыр. Жалпы Ислам-адамзат баласын тұрақтылық пен татулыққа шақырып, білім алуды міндеттейді.

Дінде білім алу әйел кісіге парыз емес деген сеніммен, қоғам арасында шектеліп жатқан күйеуінің ықпалындағы азаматшалар көбейіп барады. Көпшілігі орта білімді. Жоғары білімді қажет санамайды. Тіпті мектеп жасындағы қыздарына да орамал кигізіп, білім саласынан шектеп жатқандарын да кездестіруге болады. Олардың көпшілігі Құран Кәрімнің «Нұр» сүресінің 31-аятындағы Аллаһның қыз балаға орамал тағу керек дегенін негізгі дәлел ретінде алға тартады. Ислам дінінде орамал тағу балиғат жасына толғандарға парыз екенін білеміз. Ал, қыз баланың балиғатқа толуын тек 9 жаспен шектеуге болмайды. Қазіргі кезде қыз балалардың физиологиялық ерекшеліктеріне байланысты 15 жаспен шектеген.

Исламда орамалдан бұрын білім алу парыз етілген. Сондықтан білім алып, сауатты болу – Ислам дінінің ең басты талабы. Құранда ең алғашқы аят «Оқы» деп түскен. Мысалы, «Жаратқан рабыңның атымен оқы!» (Алақ сүресі, 1-аят). Сонымен бірге мына аяттарда «Рабым білімді арттыр!» (Таһа сүресі, 114-аят), «Білетіндер мен білмейтіндер тең бола ма?» (Зумар сүресі, 9-аят),- деп келтірілген. Тағы бір аятта «Алла Тағала сендердің арасында иман келтіргендер мен бойларыңа білім дарытқандардың дәрежесін өсіреді» (Мужәдәлә сүресі, 11-аят). Яғни, бұл жерде білімділердің дәрежесі жоғары екендігін көрсетіп тұр. Ал Пайғамбар (с.а.с) «Білім алу – әрбір мұсылман ер кісіге де, әйелге де парыз»,- деп білім іздеудің әйелдерге де тиісті екенін айтқан.

Әл-Фараби, Ибн Сина, Әл-Бируни, Әл-Хорезми, Әл-Баттани, Әл-Рази, Әл-Фазали сияқты көптеген ғалымдарымыздың білім жолына түсуіне жоғарыдағы аяттар себеп болғаны анық. Сондықтан діни білімді ғана алып, ал зайырлы білім алу парыз емес деп есептейтіндер Құранды дұрыс түсінуде білім алу қажет екенін білгендері абзал. Орта ғасырларда нақ осы ғылым-білім арқылы Ислам өркениеті дамуға қол жеткізген. Ислам елдерінде білім алу тек діни ғана емес зайырлы тұрғыда қоса үйретілді. Ерте кезеңде ең танымал ғылыми орталық – IX ғасырдың 20 жылдары құрылған Халифа әл-Мамун негізін қалаған Байтулхикма (Даналық үйі) орталығы. Бұдан бөлек көптеген қалаларда ілім-білім дамып, Фес (Морокко) қаласында алғаш заманауи үлгіде университет тұрғызылды. Бұл университетте ерлер мен бірге әйелдер де білім алған. Мұнда ғылымның әртүрлі діни, әдеби, жаратылыстану және тағы басқа салалар бойынша пәндер оқытылды. Осы тұрғыда, мектеп қабырғасынан бастап оқытылатын химия, физика, математика, биология және тағы басқа пәндердің барлығы дүниенің құдіретін тануға жол ашады. Сондықтан «Зайырлы білім – болашақтың кілті!», - деп бекер айтпас.

Хәкім Абай өзінің он сегізінші қара сөзінде: «Тегінде, адам баласы адам баласынан ақыл, білім, ар, мінез деген қасиеттермен озады» деген сөзі барлық уақытта өз маңызын жоймаған. Жүйрік ойлы, білімді адамдар қай уақытта да заманның, қоғамның дамуына әрқашанда өз үлесін қосуды мақсат етеді. Білімді жетіктер – еліміздің маңызды қозғаушы күші. Өз білімін елін дамытуға арнау аса игі іс екендігін ұмытпайық. Демек ғылым үйреніп, білім алып, болашағымызды жарқын жаққа жетелейік!

**А.ЖОЛДАСҚЫЗЫ,  
«Қоғамдағы дін қатынастарын зерттеу» бөлімінің маманы.**

Соңғы кездері, жастардың «дінге» деген қызығушылығы күн санап артып келеді. Әрине, бұл қуантарлық жайт. Десек те дінді жетік түсініп үлгермеген жас жеткіншектердің сенгіштігін пайдаланып, өзінің арам пиғылын іске асыруға тырысатындар да жеткілікті. Дінге бет бұрып құран, намаз оқуды жаңадан үйреніп келе жатқан жастар бағыт-бағдарды кімнен алады? Жастар құран мен намазды мешіт имамдарынан емес, ғаламтордан үйренуді неге жөн санайды? Баласының, я болмаса қызының дінге бет бұрғанын байқаған ата-ана неге медреседен білім алуға апармайды? Көкейді көрнеген түрлі сауалдардың жауабын зерттеуге тырыстым.

Қарап отырсақ, цифрландыру жүйесі дінді де айналып өтпегені байқалады. Ғаламтор арқылы құран және намаз оқу, дәрет алу,

қалып, берекесі қашты. Жастарды былай қойғанда, орда бұзар жасқа жеткен жігіт ағасының білімсіздігінің салдарынан әйелі мен бала-шағасы да сезімнің сергелдеңіне түсіп, темір торға тоғытылғандар да бар. Бір қолымен бекікті, бір қолымен әлемді тербеткен ананың «нағыз ислами» өмірді іздеп үй-жайын, бала-шағасын, елін, жерін тастап, шекара асып, қиырдағы шет мемлекетке кетуі де діни білімнің жоқтығы. Әйел затының «нағыз ислами» ордасы «отбасы» екенін естен шығарып алса керек. Осындай теріс пиғылды содырлардың сөзіне еріп, шетел асып із-түссіз кеткен ұлы мен қызынан айрылған қаншама ата-ана зар илеп қалды десеңізші?!

Дәстүрлі емес жат діни ағымның жетегінде кетудің басты себептерін атап айтар болсақ–ол адамның діни сауатсыздығы. Олай

жағдайдың нашарлығы және жұмыссыздық. Жағдайы төмен немесе жұмыс іздеп сенделіп жүрген жастар әлеуметтік желідегі әртүрлі жарнамаларға тез сенеді. «Тұрмыстың тапшылығы тауқыметінен жаман» демекші лаңкестік идеология бой алдырған адамдардың біразының тұрақты жұмыс орны жоқ. Олардың басым бөлігінің баспанасы жоқ, тұрмыстық деңгейі де төмен. Жұмыссыздықтан, тұрмыстық тауқыметтің ауырлығынан шаршаған адам айналасындағылардан көмек сұрайды. Осындай оңтайлы сәтті жат ағым өкілдері өз пайдасына асырып, қаржыдан қысылған адамға көмек қолын созып өздерінің айтқанын жасауына мәжбүрлейді. Соңғы кездері, радикалды дінді жақтаушылар «таргет» арқылы өздерінің ақпараттарын жарнамалауға көшкен. Жастар өздерінің көкейінде

## Жастар теріс ағымның жетегіне неге тез ереді?

дін туралы ілім, діни салт-дәстүр және тағыда басқа да дінге қатысты ақпаратты оңай табуға болады. Интернет желісі арқылы діни ақпарат алу үшін бар болғаны іздеу жүйесіне өзіңізді қызықтыратын сұрақты қойсаңыз жеткілікті. Ал, ғаламтор ары қарай сіздің іздеген сұрағыңызды бірнеше жауабын шығарып береді. Өзіңізге қажетті ақпаратты оқып немесе видеосын көруіңізге де болады. Өкінішке орай, бұл ақпараттардың арасында жасырын арам пиғылын асыру идеяларын іске асырғысы келетіндер де толып тұрады. Сонымен қатар, баласының «дінге» деген қызығушылығы оянганын байқаған ата-ана оның білімін жетілдіру үшін діни кітаптарды берудің орнына интернеттен ақпарат алуға жағдай жасайды. Оң мен солын танып үлгермеген жас жеткіншек діни білімді ғаламтордан қалай алсын? Интернет ақпарат алудың ең оңай жолы, көкейдегі әрбір сұраққа жауап алу да қол жетімді. Бірақ, осы ғаламторға көп сенудің қажеті жоқ екенін естен шығарып алатынымыз өкінішті-ақ! Радикалды дінді жақтаушылар өздерінің теріс пиғылын интернет арқылы іске асыратынын білсек те, баланы өз қолымызбен аждақаның апанына енуіне жол ашып бергенін кейбір ата-ана білмей қалса керек. Діни білімін жетілдіргісі келген баланы жетектеп медресеге, я болмаса мешіт имамынан білім алуға ертіп баруға ата мен ана уақыт таппайды. Ал, баласы радикалды діни ағымның жетегіне ерген кезде өзгені кінәлі санайды. Қандай білім алса да, сол білімнің алғашқы кірпішін қалауға үйрететін баланың әкесі мен шешесі. Ата-ана көрсеткен жолмен бала білім алатынын естен шығармағанымыз абзал.

Бүгінгі таңда еліміздің жас азаматтарының басым көпшілігі радикалды діни ағымдардың ықпалына еріп кетуі олардың жеке ой-түйсігінің әлі де толықтай қалыптаспағандығы. Сондай-ақ, жастардың санасына жат ағымның оңай әсер ететіні анық. Жастардың радикалды діни ағымның жетегіне тез еруінің бірнеше себептерін зерттеп көрдік.

Бүгінгі таңда еліміздің болашағы – жастар. Біздің жастарымыз түрлі себептермен жат діни ағымның жетегінде кетіп жатқаны қынжылтады. Жастардың радикалды діни ағымның жетегінде кетуінің салдарынан қаншама отбасының шырқы бұзылып, шаңырақтары шай-

дейтіміз, діни ілім алмаған адам, ілімді өз бетінше ғаламтор арқылы іздейді. Дінге шала сауатпен келген жас жеткіншек өзінің қалай адасқанын аңғармай қалады. Теріс ағымға арбаушылар көбінесе өмірлік тәжірибесі аз, уақытша қиындыққа төзімсіз, діни сауаты таяз жастарды тартуға тырысады. Әйткені, білімсіз адамның аңғал, көңілсіз, сенгіш, еліктегіш келетінін олар жақсы біледі. Ал, мұсылман дінінде білімнің маңыздылығы ерекше екенін ұмытпағанымыз жөн.

Сонымен қатар, әлеуметтік желілер мен видеохостингтерде өндірілетін және таратылатын түсініксіз әрі жат діни ағымды жақтаушылардың жасырын пиғылын насихаттайтын таралымдардың тым көптігіне байланысты. Олар өздерінің түсірген видео, немесе ақпараттарына «лайк» және қоңыраушаларды басқан адамдардың сеніміне кіруге тырысады. Сөйтіп, өздерінің желіқолданушыларына бірегей, ерекше және сирек кадрларды, пікірлерді, әзілдерді, өзгеше контенттерді ұсынады, осындай арбаушылардың парақшасына жазылудың салдары жастарды адастыратыны хақ. Қызықты ақпаратты қызыға қараған жасөспірім өзінің санасының қалай уланғанын байқамай да қалады?!

Қарап отырсаңыз, мектеп қабырғасын аттаған баланың қолына ұялы телефон әперіп, интернетке емін-еркін кіріп, өзінің қалағанын көруге жағдай жасап қойғанбыз. Ұялы телефонсыз жүрген жасты көрсек, таңырқап қарайтынмыз жасырын емес. Жастар интернетте жарияланған «дұрыс» немесе «бұрыс» діни мәліметтерге, видеоларға имандай сеніп, оларға лайк басып, пікір жазып, сол ақпаратты өзгелерге бөлісуді үрдіске айналдырған. Әлеуметтік желіде жарияланған осындай мәліметтер мен видеолардың арасында жиһадқа шақыратын, билікке қарсы қоятын ақпараттар да бар. Қатарынан қалмасын деп балаңызға ұялы телефон алып бергеннен кейін, оның күнделікті көретін ақпаратынан да хабардар болуымыз керек.

Отбасында дәстүрлі дін мен радикалды діни ағымның салдарын ажырата білмеген бала, өскенде көкейінде жүрген діни сұрақтың жауабын ата-анасынан ала алмағандықтан, ғаламтордан немесе көшедегі жат ағымның өкілінен сұрап, олардың тұзағына оп-оңай түседі. Отбасындағы тәрбие мен діни сенімнің ұштасып тұрғанын естен шығармаған жөн.

Сонымен қатар, әлеуметтік

жүрген сұрақтың жауабын білу үшін таргет жарнамасын көріп, сілтемеге өткеннен кейін деструктивті ағымдардың топтарына тап болады, ары-қарай радикалды діни көзқарас пайда болады. Олар адамды қызықтыратын сұрақтар мен әңгімелерге тарту арқылы өздерінің тобына кіргізіп алады. Әрбір ата-ана әлеуметтік желіні пайдаланатын баланың осындай күмәнді сілтемелерге кіруін қадағалап отыруы керек.

Мамандардың айтуына қарағанда, психологиялық күйзеліске ұшыраған адам да жат діни ағымның жетегіне тез еріп кетеді. Себебі, қоғамнан шеттеп қалған жастар өздеріне жақын жандарды жат санап, өзіне жылы сөйлеген бейтаныс адамды жақын санайды. Арбаушылар әлеуметтік желі және сөйлесу арқылы психологиялық күйзеліске ұшыраған адамның сеніміне кіріп, оның санасын улай бастайды. Біз күйзеліске ұшыраған адамды психолог маманына көрсетудің орнына оны әркімнің айтуы бойынша емдейміз. Осындай бейтарап емдеудің нәтижесінің салдары орны толмас өкінішке алып келіп соқтырады.

Жастардың бойындағы патриоттық және дәстүрлі дінге деген сезімді қалыптастыру қажет. Себебі, 2000 жылдары көше кезіп, үй-үйді аралап өзге дінді насихаттап кітаптар мен жадынамалар тартып өзінің арам пиғылын іске асыратындардың жұмысы әлдеқайда жеңілдеді. Олай дейтінім, олар «ислам» деген қасиетті атты жамылып, өзінің теріс діни ағымдарын үйден шықпай-ақ әлеуметтік желі арқылы насихаттап жұмысын жүзеге асырып жүр. Олардың басым бөлігі, ата-бабамыздан мұра болып келе жатқан салт-дәстүрімізді, әдет-ғұрпымызды, ұлттық құндылығымызды жоққа шығару. Сондай-ақ дінді дәстүрге қарсы қоюға әуес. Олардың бұл ерекеті, әсіресе, діни сауатын жаңа ашып жүрген жастар мен жасөспірімдер үшін өте қауіпті. Қазақтың байырғы құндылығын, салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын түсінбейтін жастар жат ағымның жетегіне тез ереді. Сондықтан, әрбір ата-ана баласына жастайынан қазақтың салт-дәстүрін, ұлттық құндылығын, әдет-ғұрпын үйретсе нұр үстіне нұр болар еді...

**Раушан НАРБЕК,  
Түркістан облысы дін істері басқармасының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің маманы.**



## Сенім телефоны

«Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің Әдеп кодексіне сәйкес мемлекеттік қызмет этикасы мен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заң талаптарын бұзған «Созақ ауданының Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің қызметкерлері жөнінде 23-3-03, 23-3-43 телефонына хабарласуға болады.

**Жартытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты.**

## Аусыл (ящур)-ауруы

Аусыл (лат. Aphtaepizooricae, ящур, ағыл. Footandmouthdisease-FMD) аса жұғымтал жәйтөтетін, қызба және ауыздың кілегейлі қабығында, желін мен аяқтың терісінде күлдіреуік пайда болуы арқылы ерекшеленетін үй және жабайы аша тұяқты жануарлардың вирустық ауруы.

Қоздырушысы – Aphtovirus- РНҚ-лы, Aphtovirus туыстығына, Picornaviridae тұқымдастығына жатады. Вирионның мөлшері 20-25 нм. Вирустың антигендік құрамы өте күрделі. Антигендік қасиеті бойынша серологиялық типке: О, А, С, САТ-1, САТ-2, САТ-3 және Азия-1 бөлінеді. Әр тип бірнеше вариантқа бөлінеді: О тармағы 13 вариантқа, А – 32, С – 5, САТ-1 – жеті, САТ-2 – үш, САТ-3 – төрт, Азия-1 – екі. Бұл тармақтары мен варианттарының бір-бірінен иммунологиялық айырмашылықтары бар. Олардың әрқайсысы вирустың басқа типі мен вариантына иммунитетті жаңуарларда ауру қоздыра алады. Аусылдың вирусы бейім жануарлардың эпителий ұлпаларының торшаларының өсінінде белсенді көбейеді және оның нәтижесінде ЦПЭ байқалады. Вирустың ұйтылығы жаңа туған тышқан үшін өте жоғары. Оны лабораториялық жануарлардың (теңіз тышқаны, бала тышқан мен қоян көжегі) денесі арқылы өте оңай пасажа жасауға болады. Жануарлар денесінде вирус бейтараптаушы, комплемент байланыстырушы, преципитациялаушы антиденелер түзілуіне түрткі болады. Бұл антиденелер қоздырушының әрбір серологиялық типіне тән болады. Сондықтан ҚТАР, БР, КБР, сарысумен қорғау реакциясы мен айқын иммунитет аусыл вирусының серотиптері мен варианттарын ажырату үшін қолданылады.

Індеттік ерекшеліктері. Аусылға бейім жануарлар: сиыр, шошқа, қой, ешкі, буйвол, қодас, түйе, бұғы және көптеген жабайы ашатұяқтылар (сайғақ, бұлан, елік). Бірлі-жарым бұлау-руғаит пен мысық, қоян мен егеуқұйрық, тіптікірпі де шалдығатын туралы хабарлар бар. Ең сезімтал жануарларғасиыр мен шошқажатады. Кей жағдайда ауру малдыбағыпкүткенде, аусыл-мен адам да ауырады. Жас малдың бейімділігі ересек малдан гөрі жоғары және оларда ауру ауыр түрінде өтеді.

Аусыл қоздырушысының бастауы – ауырған, оның ішінде аурудың жасырын кезеңіндегі және вирус тасымалдаушы мал. Мұндай жануарлар вирусты сыртқы ортаға сүтпен, сілекеймен, несекі және нәжісімен бөліп шығарады. Бұның нәтижесінде қоражай, әр түрлі құрал-саймандар, жайылым, жем-шөп, суат, көлік жабдықтары, т.б. ластанады. Вирус жануарлардың денесіне негізінен жемшөп және сумен бірге, әр түрлі ластанған заттарды жалаған кезде ауыздың кілегей қабығы, желін мен сирақтың зақымданған терісі арқылы немесе ауру малмен бірге тұрғанда аэрогендік жолмен енеді.

Аусылдың таралуына көп жағдайда шаруашылық-экономикалық байланыстар, малды өсіру ерекшеліктері, мал басының тығыздығы, халықтың жүріп-тұруы, мал азығын дайындау, мал өнімдерін сақтау, тасымалдау, өңдеу және т.б. жағдайлар әсер етеді. Алыстағы жайылымдарға малды айдау кезінде аурудың таралуы жылдамдайды. Ет және сүт өңдейтін мекемелер аусылдың таралуына көп әсер етеді.

Емі. Ауырған малды жедел оқшаулап, жақсы жағдай жасайды, жұмсақ жемшөп береді. Құнарлы жемді, шырын тамырлы және түйін тамырлы мал азығын қайнатып береді. Ауызын 2% сірке қышқылының, 1% бор қышқылының, 1:1000 калий перманганатының, 1:5000 фурацилин ерітінділерінің бірі-мен оқтын-оқтын шаяды. Күлдіреуіктің орнына 2,5 новокаин, 2,5 г. анестезин, 5 г тотыяйын, 20 г балық майы және 70 г вазелиннен тұратын қоспа жағады. Болмаса ол үшін йод глицерин, 2% алюминий ашудасын (квасцы) пайдаланады. Тұяқтарын мұқият тазалап, зақымданған көбесіне қара май мен балық майының тең қоспасын, Вишневский линиментін, 10% креолин, 5-10% ихтиол майларын жағады, 10-20% формалин ерітіндісімен күйдіруге де болады. Егер аяғы ақсаған мал көп болса оларды 1% тотыяйын, 5% формалин, 2% хлорамин ерітінділерінің бірінен даярланған аяқ ваннасы арқылы жүргізіп өткізеді. Ауру сепсис болып асқынса вена ішіне 0,5% новокаин ерітіндісін, 0,5 мл/кг есебінен жібереді, антибиотиктер тағайындайды. Сауын сиырлардың желінін мұқият күтіп, зақымданған терісіне симптоматин эмульсиясын, новокаинді май жағады. Қатты ауырған малды, әсіресе бұзауларды реконвалесценттердің (аусылмен ауырып жазылған) қаны не қан сарысуымен емдеу жақсы нәтиже береді. Бұл мақсатпен ауырып жазылған немесе иммунденген сиырдың сүтінен даярланған иммунолактон қолданылады. Дұрыс күту, күлдіреуікпен зақымданған жерлерін дезинфекциялаушы ерітінділер мен майлар арқылы домдау, бүкіл организмнің қуатын арттыру үшін иммундік және басқа да дәрімектерді қолдану ауырған малдың сауығуына көпін бола алады.

**Б.ЖОЛШЫБЕКОВ,**

**ҚР АШМ ВБЖҚ Созақ аудандық аумақтық инспекциясы бас маман - мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы.**

### Жарамсыз деп танылсын

Тауметов Жазылбек Оразбайұлының иелігіндегі Созақ ауданы, Қарағұр ауылы, Құрманғазы көшесіндегі №17 тұрғын үйдің 12.12.2014 жылы №5070 санды сатып алу-сату шартының құжаттары жоғалған. Жарамсыз деп танылсын.

### "Уранқуат" ЖШС Таукент филиалы Әкімшілігі Созақ ауданы "Уранқуат" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Таукент филиалы электр энергиясын беру қызметіне тарифтерін жариялайды

**23 қаңтар 2023 жылдан бастап**

Негіздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің «Уранқуат» ЖШС Таукент филиалының электр энергиясын беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту» туралы 23.01.2023 жылғы №7-НҚ санды бұйрығы.

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тарифі, теңге ҚҚС-сыз	Ақы мөлшері, теңге ҚҚС-мен
1	Электр энергиясын беру	теңге/кВт/сағ	4,10	4,59

### «Шолақорған-Су» МКК-ны «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және немесе онымен жабдықтау қызметінетариф бағасын жариялайды

**01 ақпан 2023 жылдан бастап**

Негіздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «жылу энергиясын өндіру, беру, бөлу және немесе онымен жабдықтау қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту» туралы 16.01.2022 жылғы №3-НҚ санды бұйрығы.

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тарифі, теңге ҚҚС-сыз	Ақы мөлшері, теңге ҚҚС-мен
<b>Бюджеттік ұйымдар</b>				
1	Есепке алу аспабы бар бюджеттік ұйымдар	теңге/Гкал	26204,23	29348,74
2	Есепке алу аспабы жоқ бюджеттік ұйымдар	теңге/Гкал	39306,35	44023,11
<b>Өзге заң ұйымдары</b>				
1	Есепке алу аспабы бар өзге заң ұйымдар	теңге/Гкал	26204,16	29348,66
2	Есепке алу аспабы жоқ өзге заң ұйымдар	теңге/Гкал	4065,41	38153,26
<b>Жеке тұлғалар</b>				
1	Есепке алу аспабы бар жеке тұлғалар	теңге/Гкал	1187,68	1330,20
2	Есепке алу аспабы жоқ жеке тұлғалар	теңге/Гкал	2375,36	2660,40
<b>Таукент кенті</b>				
1	1 м2 тұрғын үй алаңын жылытуға арналған тариф	теңге/Гкал	82,78	92,71
<b>Қызылорда кенті</b>				
2	1 м2 тұрғын үй алаңын жылытуға арналған тариф	теңге/Гкал	105,98	118,70

**«Шолақорған-Су» МКК-ны**

### «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының сарқынды суларды беру қызметіне тариф бағасын жариялайды

**01 ақпан 2023 жылдан бастап**

Негіздеме: ҚР Ұлттық экономика Министрлігі табиғи монополияларды реттеу комитетінің Түркістан облысы бойынша департаментінің «Созақ ауданы әкімдігінің тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің «Шолақорған-Су» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының «сарқынды суларды беру қызметіне тариф және тарифтік сметасын бекіту» туралы 16.01.2022 жылғы №2-НҚ санды бұйрығы.

№	Қызмет түрі	Өлшем бірлігі	Тарифі, теңге ҚҚС-сыз	Ақы мөлшері, теңге ҚҚС-мен
1	Заңды тұлғалар	теңге/м3	27,26	30,53
2	Жеке тұлғалар	теңге/м3	700,97	785,09

## Желшешек және оның алдын алу

Желшешек – ауа тамшылары жылымен жұғатын, қызбамен, орташа айқын интоксикациямен және кең таралған везикулезді бөртпемен сипатталатын жіті инфекциялық ауру.

Инфекция көзі ауру адам болып табылады, ол вирусты 100% жағдайда таратады, сондықтан ауру кезеңінде ауру мен сау адамдар арасындағы байланысты шектеу өте маңызды. Инкубациялық кезең 10-нан 21 күнге дейін созылады.

Ауру ең алдымен дене температурасының 39-40 градусқа дейін күрт көтерілуімен, бас ауруымен сипатталады. Желшешектің ең айқын белгісі – бөртпе және қышу.

Егер сіз немесе сіздің балаңыз ауырып қалса, мектепке, балабақшаға немесе жұмысқа бармаған дұрыс.

Денеді қышыну пайда болғанша (теріде вирус жоқ екендігінің белгісі) үй жағдайында болу керек. Бұл әдетте дақтар шыққаннан кейін 5 күннен соң пайда болады. Сусыздануды болдырмау үшін көп сұйықтық ішу қажет болады. Сәбилердің тырнақтарын қысқартып, әсіресе түнде ол өзін тырнап алмасы үшін қолына шұлық немесе қолғап кигізген дұрыс. Гигиенаға келетін болсақ, жылы, бірақ ыстық емес душ қабылдаған дұрыс, содан кейін теріні құрғатып (ысқыламаңыз), дененіздегі дақтар жазылғанша бос киім киген дұрыс.

Ең бастысы – жараның қабығын алмау, теріні тырнамау. Тыртықтар қалып қоймауы үшін теріге тиіспеген маңызды. Егер қызба 39-дан асса, бөртпе элементтері пайда болса, дәрігерге шұғыл түрде хабарлаңыз. Сондай-ақ, егер бала өзін нашар сезінсе дәрігерге қаралыңыз.

Балаларда желшешек ересектерге қарағанда жеңіл түрде өтеді, кей жағдайларда үлкендер асқынулардан зардап шегуі мүмкін. Желшешекпен ауырған адамдарда осы инфекцияға өмірлік иммунитет қалыптасады.

**Г.ОЗҒАНБАЕВА,**

**Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы.**

## Орман да Отанымыздың бір бөлшегі

Барша адамзат баласы, жалпы тіршілік иелеріөздерін қоршаған табиғи ортаға қарыздар. Қарап тұрсаңыз айналамыздағы тау-тас, орман тоғай, аң-құс қашанда жер анамыз сәнін беріп тұрады. Десекте, адамдар тарапынан жіберіліп отырған олқылықтар ашкөздене жер байлығы сексеуілді есепсіз сындыру, аң-құсты атып құрту, өрт тудыру сынды табиғат байлықтарының өртке орануы адам қолынан жасалып отырған қылмыс демесе лажымыз жоқ. Кенеттен болған өрт аң-құсты қыру, сексеуіл қарабарқын сынды табиғат байлықтары болашағымызға жасалған қиянатымыз. Мұның артында экологиялық проблемалардың тұрғаны барлығымызға белгілі. Жер планетасының ғасырлар бойы барлық жануарлар дүниесі адамзат баласы үшін тіршілік негізі–таза ауа екені баршамазға белгілі. Ол тек өсімдіктер дүниесінен бөлініп шығатын оттегі. Ал табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ендеше ауданымыздағы мол байлық орманды жерлерді сақтап, ондағы өсіп-өніп отырған аңдардың қадір-қасиетіне жету сіз бен біздің борышымыз. Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның экологиялық тазалығына, орманды жерлердің өсіп, өнуіне жағдайлар жасасақ, аң-құстарды аялап ұстасақ, табиғатқа бір мезгіл көңіл бөлсек, өзіміздің табиғат алдындағы адами міндетіміздің іске асырылғаны деп білеміз. Сол себепті ормандарымызды өрттен, сұғанақ қолдардан, қасақана бүлдірушілерден сақтай білейік.

**Қанатжан ШӘРІПХАНОВ,**  
**Созақ орман шаруашылығы мекемесінің қорықшы күзетшісі.**





## Сый, құрмет адал еңбектен

Жақында Шолақорған ауылының тұрғыны, зейнеткер «Қазатомөнеркәсіп» саласының ардагері Сейсенұлы Оразбек ағамыздың отбасы қуанышқа бөленді. Жетпіс жасқа иек артып, үзеңгіге аяқ салып отырған ардагерін ұмытпаған «Катко» біріккен кәсіпорны осы «Қазатомөнеркәсіп» саласында жалпы көлемі 30 жылға жуық жүргізуші болып еңбек еткен Оразбек ағамыздың кеудесіне «Қазатомөнеркәсіп» саласына 25 жыл мерекелік медалін тағып, үлкен құрмет көрсетті. Көбіне зейнет жасына жеткен ардагерін зейнет демалысына шығарып салып, одан кейін ізім-қайым хабар ошарсыз кететін мекемелерді де білеміз. Мына «Катко» Біріккен кәсіпорнын басшылығының ерен игі істері көпке өнеге болары ақиқат. Оразбек ағамыз Ұлы Отан соғысының ардагері «Даңқ», «Ұлы Отан соғысы» ордендерінің иегері, Абай ауылында Ғұмыр кешкен майдангер Сейсенов Сейітжан қарияның екінші ұлы. Бір отбасында Нағашбек, Оразбек, Молдабек, Күмісбек, Алтынбек, Алтынкүл, Күлімкүл атты ұл-қыздарды тәрбиелеген майдангер Сейітжан көкеміз бен Шекер анамыз бірнеше жылдар бұрын баққилыққа аттанған.

Оразбек ағамыз Абай ауылындағы Аманкелді Иманов атындағы сегіз жылдық мектепті, одан кешкі мектепті бітірген Ұлан Созақ ауылындағы кәсіптік-техникалық училищенің тракторшы мамандығы бөлімін бітіріп, 1972-74 жылдары әскер қатарына шақырылып Отан қорғау азаматтық парызын өтеп оралды. Әскерден оралған соң СПТУ-ді автомашина көлігін жүргізуші мамандығы бойынша дипломын алады. Сол уа-

қыттағы аудан, облысқа танымал әділ де іскер басшы, талапшыл, қоғамшыл азамат Жұмаділда Ерімбетов басқаратын мал бордақылау кешенінде еңбек жолын бастайды. Кейін аудандағы жалғыз баспаханада білімді ізденімпаз басшы Ерденев Қалман ағамыздың қарамағында көлік жүргізуші болып қызмет етеді.

Аудандық залалсыздандыру (дизенфекция) мекемесін басқарған Әлімжан Бақбергенов, Мүсірәлі Жаппаровтың, ПМК-23 мекемесінде Жақсылық Шекеев ағамыздың қоластында абыройлы қызмет атқарады. Кеңес өкіметі тарардың алдын 1989 жылы «Қазатомөнеркәсіп» саласына қарайтын №11-ші автошаруашылық (Юрченко) мекемесіне жұмысқа қабылданады. Өндіріс саласы үшін «қауіпті жүк» саналатын қышқық таситын көлікті жүргізу өте жауапкершілігі мол, талабы мен міндеті өзгеше, жеке азамат ретінде денсаулығына да зияны мол кәсіп екені анық болатын. Сол міндет пен абырой үдесінен шығып еңбек етуі ерен сабырлылық пен адами болмыстың қасиеті болса керек.

–Ұзақ жылдар уран өндірісі саласында үздіксіз отыз жылға жуық еңбек еттім. Соңғы алты жыл көлемінде зейнет демалысындамын. Сый, құрмет арқашанда адал еңбекпен, тынымсыз тірлікпен келеді. Құрметтеп, сыйлап жатқан өндіріс басшыларына, бұрынғы еңбектес, әріптес ұжымыма арнайы марапатын әкеліп тапсырған «Каток» БК көлік басқармасының бастығы Юсупов Мусайыпқа, жүк тасымалдау бөлімінің бастығы Күнназаров Төлегенге зор ризашылықпен алғыс айтамын.

Алғашқы жары, ұл-қыздарының анасы Жорабекова Айткүл тағдырдың жазуымен өмірден ерте кетті. Кейін дәм-тұзы жарасып Айжан апамызбен ошақтың отын қайта түтетеді. Бүгінде екі ұл мен үш қызынан 19 немере сүйіп отырған ардақты әке, аяулы әже.

–Біз әрқашанда өзімізбен бірге жұмыс жасаған әріптестерімізді ұмытпаймыз. Әрбір мереке күндері олардың отбасында болып немесе мекемемізге шақырып сыйқұрметімізді көрсетеміз. Бүгінгі осы шара сөзіміздің айғағы. Ораз аға кішіге қамқор, ұжымға сыйлы азамат болды. Еткен еңбек жылдары мен өнегелі еңбек жолдары жастарға зор үлгі-өнеге болады,-дейді көлік басқармасының басшысы Мұсайып Юсупов.

«Егемен Қазақстан» газетінің биылғы жылғы жаңа сандарының бірінде жазушы Қуандық Түменбайдың «Құрметтің құны қанша?» атты мақаласы жарияланды. Мақалада еңбек адамдарын құрметтеуде үнемі қарапайым жандардың қалып қалып кететіні туралы өте тартымды, өте өзекті жазылған. Сол мақаладағы жайдың растығы бар жерде де байқалатыны өтірік емес. Ендеше бүгінгі қоғамға, елге, жаңа Қазақстанға, Әділетті Қазақстанға өз үлестерін сөзімен емес, ісімен қосып жүрген қараша халықтың ішіндегі қарапайым азаматтарды елеп ескеруді ұмытпайық ағайын. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» демекші, қара қазанның да иесі қараша халық екенін ұғынып ожауымызды оңды солды сапыра бермейік. Ел ішінде жүріп еңбегімен елге сыйлы Оразбек сияқты еңбек адамдарын елеп ескере білейік.

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ.**

### Құттықтау!

## Тарқамасын әрдайым берекеңіз

Шолақорған ауылының тұрғыны, ардақты ана, асыл әже, аяулы жан **Жүнісова Роза Каденқызы** анамызды 26 қаңтар күні мерейлі 70 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Өз бақытын, қуанышын өзі өмірге әкелген перзенттерінің қылығынан, қызығынан іздейтін аяулы Ана! Сізге әлемдегі бар жақсы тілекті үйіп-төксе те аз. Алла сізге ең алдымен мықты денсаулық берсін! Әрқашан жүзіңізден мейірім нышаны кетпей, айналаңызға нұрыңызды шашып, Аналық бақытқа кенеліп жүре беріңіз!

**Құтты болсын бүгінгі мерекеңіз, Сіз бар кезде асқармен теңесеміз. Алшаң басып жүре бер арамызда, Тарқамасын әрдайым берекеңіз.**

**Ізгі ниетпен құттықтаушылар: ұл-қыздары, келіндері мен немерелері.**



Жемқорлық-мемлекеттің, қоғамның дамуына тежеу болатын, болашағына кесірін тигізетін індет. Сыбайлас жемқорлықпен күресу бүгінгі күннің күрделі мәселесі болып отыр. Оған осы бастан тоқтау қоймаса мемлекетте тұрақты өсіп-өркендеу болмайды. Сыбайлас жемқорлықпен түбегейлі күресу үшін халықтың құқықтық сауатсыздығын жоятын, құқықты

сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана керек. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сана қалыптасқан жағдайда ғана адам адамгершілікке жатқылқтардан бойын аулақ ұстай бастайды, заңға қайшы келетін әрекеттерді жасауға жол бермейді. Қарапайым тілмен айтатын болсақ, сыбайлас-жемқорлық-бұл қызмет дәрежесін жеке мақсатта пайдалану. Осы келеңсіз құ-

## Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресейік

түсіндіру жұмысының сапасын арттырудың маңызы зор. Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдықтарының бірі осы зұлымдықпен күресу болып табылады. Біздің қоғамда сыбайлас жемқорлыққа орын жоқ. Қоғамның барлық күш жігерін біріктіріп, осы дертті одан әрі таралмауы үшін оған бөгет болудың барлық амалдарын қолдану арқылы ғана бұл құбылысқа тиімді түрде түбегейлі қарсы тұруға болады. Сондықтан сыбайлас жемқорлықпен күресу барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының азаматтық борышы және адамгершілік міндеті деп білуге керек. Біз қазір жаңаша өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де баршылық. Ал шешімі күрделі әлеуметтік мәселелер де бар. Қоғам өмірінде түбегейлі шешімі табылмай тұрған мәселе, ол-сыбайлас жемқорлық. Елімізде осы мәселеге байланысты арнайы қабылданған заңдар да, атқарылып жатқан түрлі жұмыстар да баршылық, дегенмен бұл мәселе әлі толық шешімін тапқан жоқ. Ендеше, жас буынға жемқорлықтың теріс салдары туралы ақпаратты дұрыс жеткізу-олардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетінің қалыптасуына, өз құқықтары мен міндеттерін терең ұғынып жете түсінуіне және орындауына көмектесудің алғы шарттарының бірі болып саналады. Атап айтқанда, ол үшін ең алдымен

былыстың үдеп бара жатқаны жас ұрпақ тәрбиесіне зиян болатындығы бірімізді алаңдатады. Бұл мәселеге тереңірек үңілетін болсақ, сыбайлас жемқорлық ел болашағына, ұлттық қауіпсіздікке үлкен кесірін тигізеді. Яғни, осы келеңсіз құбылыспен күресу барша халықтың алдында тұрған ортақ мәселе екендігі айқын. Сыбайлас жемқорлық- заман ағысымен бірге өсіп-өркендеп, мол қаражат және қоғамдық бәсеке-лестік пайда болған жерлерге тамырын жайып, бүгінгі күнге дейін жойылмай отырған кеселдің бірі. Бұл кесел дамушы елдердегідей біздің дас мемлекетімізге де орасан зор нұқсан келтіріп отыр. Қоғамның бақытты болашағын тежейді, елдің халықаралық беделіне нұқсан келтіреді, жұртшылықтың заң мен әділдікке, билікке деген сеніміне сызат түсіреді. Еліміздің өркениетін дамытқысы келетін, өз ортасын құрметтейтін әрбір азамат мемлекеттің ішіндегі тәртіпті белгілі бір жүйеге келтіруге, ел ішіндегі қауіпсіздікті қамтамасыз етуге мүдделі және оның алдындағы басты парызы. Қоғаммен бірге өркендеп, етек жайып, етене сіңісіп келе жатқан бұл кеселдің тереңнен құлаш жаймауына өз үлесімізді қосу және оған тосқауыл болудың басты міндетіміз.

**Айсұлу САЙЛАУОВА,**  
«Созақ ауданының Жар-тытөбе ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесінің бас маман заңгері.

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы"**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**Директордың міндетін уақытша атқарушы:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**

**Бас редактор:**  
**Теңізбаев Сәрсенбек Сайлаубекұлы**  
Жауапты хатшы  
**Мақсат Қарғабай**  
Редакция құрамы:

Аға тілші-  
**Нұржамал МАЙУСОВА**  
Тілшілер-  
**Данияр БЕКОВ**  
**Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ**  
**Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ**  
Дизайнер-  
**Асхан БАҚТЫБАЕВ**  
Терішші-  
**Бағила АЯЗБАЕВА**

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданады.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3800 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.